

Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 249 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 28 тамызда тіркелген. Тіркеу N 2462. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 242 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 242 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен қамсыздандыру ережесі бекітілсін.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, актуарийлерге және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұ й ы м д а р ы н а ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Зейнетақы аннуитеті шарттары

негізінде жинақталған зейнетақы
қаражаты есебінен Қазақстан
Республикасы сақтандыру ұйымдарының
зейнетақымен қамсыздандыру
ережесін бекіту туралы "
2003 жылғы 25 шілде N 249
қаулысымен бекітілген

**Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде
жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен
Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының
зейнетақымен қамсыздандыру ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және жинақталған зейнетақы қаражатын (сақтандыру сыйлықақысын) және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының істі жүргізу шығыстарының рұқсат етілетін деңгейін, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті үлгі шартының нысанын айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жинақталған зейнетақы қаражатын алушы (бұдан әрі - сақтанушы) жинақталған зейнетақы қаражаты жеткілікті болған жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын жасауға құқылы.

2. Сақтанушы жинақталған зейнетақы қаражатын (бұдан әрі - сақтандыру сыйлықақысын) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 31-1-бабы негізінде Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының біріне өз таңдауы бойынша зейнетақы аннуитетін иеленуге жұмсауға құқылы.

3. Зейнетақы аннуитеті шарты "аннуитетті сақтандыру" класы бойынша "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалуы мүмкін.

4. Сақтандыру ұйымдары қолданатын зейнетақы аннуитеті ережелері уәкілетті органмен келісілуі тиіс.

2-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесі

5. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін және сақтандыру төлемін есептеу үшін зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша ағымдағы құн факторы пайдаланылады.

6. Ағымдағы құн факторы зейнетақы аннуитеті шартын жасау күніне жасынан алушының (алушылардың) бір жылға сақтандыру төлемдерін алу жасына дейін және тиісті дәрежедегі дисконтталған фактордан көрсеткіштің (көрсеткіштердің) жинақталу сомасы ретінде айқындалады. Дисконтталған фактор сақтандыру төлемдерін және 1 мөлшерін есептеу үшін пайдаланылатын кірістіліктің тиімді проценттік ставкасы сомасынан кері өлшемге тең болады.

7. Жинақталған зейнетақы қаражатының жеткілікті болуын анықтаған және сақтандыру төлемдерінің мөлшерін есептеген кезде ағымдағы құн факторында болжамды көбею мөлшеріне әрбір көрсеткішті түзету арқылы зейнетақының ең аз мөлшерін ықтимал индексациялау ескеріледі, егер тараптардың келісімдері бойынша шартта осындай индексация көзделген жағдайда.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

8. Сақтандыру ұйымы активтерінің сомасынан сақтандыру төлемдерінің мөлшерін есептеу халықтың өлімі, зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген зейнетақы аннуитеті талаптарын ескере отырып зейнетақының ең аз мөлшерін болжамды көбейту мен кірістіліктің проценттік ставкасының мөлшері туралы деректердің негізінде жүзеге асырылады.

9. Сақтандыру ұйымдары зейнетақы аннуитеті шарты бойынша болашақ сақтандыру төлемдерінің ағымдағы құн факторын есептеген кезде осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген осындай көрсеткіштерден аспайтын өлім көрсеткіштерін пайдаланады.

Сақтандыру ұйымы пайдалануға жоспарлаған өлім көрсеткіштері 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерден асқан жағдайда, ағымдағы құн факторларын есептеуге 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштер пайдаланылады.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қаңтардағы N 15 қаулысымен .

1 0 . < * >

Ескерту: 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қаңтардағы N 15 қаулысымен .

11. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін есептеген кезде ұлттық валютадағы жылдық 10 проценттен аспайтын кірістіліктің тиімді жылдық проценттік ставкасы пайдаланылады.

12. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының сомасы және осы тараудың талаптарына сәйкес есептелген сақтанушының тиісті жасындағы ағымдағы құн факторына керісінше көлем ретінде айқындалады.

13. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша, егер сақтандыру төлемдері олардың мөлшерін көбейту (азайту) арқылы жүзеге асырылатын болса, онда осы тараудың 7-тармағына сәйкес зейнетақының ең аз мөлшерін болжамды көбейтуді есепке алудан басқа ағымдағы құн факторындағы әрбір көрсеткішті зейнетақы аннуитеті шарты бойынша 1 сомасына және сақтандыру төлемдерінің тиісті жылғы дәрежесіне келтірілген сақтандыру төлемдерінің мөлшерін көбейту (азайту) процентіне қосымша көбейту қажет.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.01.29 N 15, 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

14. Егер зейнетақы аннуитеті шартының талаптарына сәйкес сақтанушының мұрагерлері осы шартта айқындалған мерзім аяқталғанға дейін ол қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемдерін көздесе, ағымдағы құн факторы осы тараудың 5-9, 11-тармақтарына сәйкес айқындалған аннуитет факторының және ағымдағы құн факторының сомасы ретінде есептеледі.

Аннуитет факторы зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күннен бастап осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін тиісті дәрежелердегі дисконтталған фактордың сомасын білдіреді.

Сонымен бірге мұрагерлер Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында көзделген мөлшерде және тәртіппен жерлеуге бір жолғы төлем алуға құқылы болады.

15. Егер тараптардың келісімі бойынша зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірінші сақтандыру төлемі шартта айқындалған күннен бастап жүзеге асырылатын болса, онда сақтандыру ұйымы Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының индексациясын елдегі инфляция деңгейіне және осы шартта көзделген сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімін кейінге қалдыруды ескере отырып жүзеге асырылады.

16. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

17. Осы Ереженің 16-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру төлемдерінің мөлшерін өзгерту сақтанушының жазбаша келісімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

3-тарау. Зейнетақы аннуитеті шарты

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

18, 19, 20, 21, 22, 23-тармақтардың қолданысы тоқтатыла тұрған - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 77 қаулысымен.

18. Зейнетақы аннуитеті шарты (бұдан әрі - шарт) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

19. Сақтандыру ұйымы және сақтанушы арасындағы шарт міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып Заңның 31-1-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып Заңның 31-1-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен жасалады.

20. Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес зейнетақы жасына жеткен адамдардың жинақталған зейнетақы қаражаты жеткілікті болғанда міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен бірге, сол сияқты жеке-жеке зейнетақы жарналары бойынша қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып зейнетақы аннуитеті шарттарын жасау арқылы оларды алуға құқылы.

21. Сақтанушы зейнетақы аннуитеті шартын жасағаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде осы шарт түпнұсқасының бір данасын ұсына отырып жинақтаушы зейнетақы қорына хабар береді. Хабар еркін нысанда ресімделеді.

22. Хабарды алғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген банктік деректемелерге сәйкес сақтандыру ұйымына сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын бір мезгілде және толық көлемде аударды.

23. Сақтандыру сыйлықақысы сомасын уақтылы аудармаған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында көзделген тәртіппен және мөлшерде сақтанушыға тұрақсыздық сомасын төлейді.

4-тарау. Сақтандыру ұйымының ісін жүргізуге шығыстар

24. Жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін анықтаған кезде сақтандыру ұйымының істі жүргізу шығыстары әрбір сақтандыру төлемінің 3 пайызынан астам еместі қосқанда

сақтандыру сыйақысының мөлшерінен 3 пайыздан астам еместі құрайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

5-тарау. Қорытынды ережелер

25. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Зейнетақы аннуитеті шарттары
негізінде жинақталған зейнетақы
қаражаты есебінен Қазақстан
Республикасы сақтандыру ұйымдарының
зейнетақымен қамсыздандыру
ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

N _____ **Үлгі зейнетақы аннуитеті шарты**

200__ жылғы "___" _____

Сақтандыру ұйымы

(сақтандыру ұйымының атауы және мекен-жайы)
бұдан әрі - "Сақтандырушы" деп аталады, Жарғы және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) берген "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына 200__ жылғы "___" _____ N _____ лицензия, _____ ережесі негізінде іс-әрекет жасайтын _____

(лауазымы, аты-жөні)
арқылы, бір жағынан және Азамат _____

(аты-жөні, туған күні, жеке куәлігінің (төлқұжатының) сериясы
N _____, берілген күні, кім берген)

бұдан әрі - "Сақтанушы" деп аталады, екінші жағынан, мына төмендегілер жөнінде Зейнетақы аннуитеті шартын (бұдан әрі - Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Сақтандырушы жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын сақтандыру ұйымына беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемін алушының) пайдасына өмір бойы/уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

2.1. Сақтанушының жинақталған зейнетақы қаражатының (сақтандыру сыйлықақысы) мөлшері _____ теңгені құрайды.

2.2. Жинақтаушы зейнетақы қоры сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысын төлеуді біржолғы төлеммен жүзеге асырады.

2.3. Сақтандыру төлемі айдың _____ (ай сайын, тоқсан сайын немесе басқа тәртіпте) _____ жүзеге асырылады.

2.4. Осы Шарттың 2.3-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын кезеңді бір жолғы сақтандыру төлемінің мөлшері _____ теңгені құрайды.

2.5. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

2.6. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тәртіппен Сақтанушының жеке табыс салығының сомасын ұстап қалады.

2.7. 2.6-тармақта көрсетілген ұстап қалулар шегерілген сақтандыру төлемі Сақтанушының банктік шотына сақтандыру төлемінің сомасын аудару арқылы немесе Сақтанушы Сақтандырушының кассасындағы қолма-қол ақшасын алу арқылы жүзеге асырылады.

Сақтанушының банктік шотына сақтандыру төлемін аудару кезіндегі банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу Сақтандырушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

2.8. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері жерлеуге Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру

туралы заңдарында көзделген мөлшерде және тәртіппен бір жолғы төлем
а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2.9. Сақтандырушының істі жүргізу шығыстары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 211 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдісіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа сәйкес есепке алынады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-3-бабына сәйкес айқындалады.

4. Өз міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы тараптардың жауапкершілігі

4.1. Сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 1,5 процент мөлшерінде өсімпұл төлейді. Өсімпұл төлеу Сақтандырушыны зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес келесі сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін орындаудан б о с а т п а й д ы .

4.2. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін дүлей күш: су тасқыны, зілзала сілкінісі, табиғат апаты, жаппай ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер және Тараптар алдын ала біле алмайтын және Шартты орындауға тікелей кедергі жасайтын басқа да осындай жағдайлардың салдарынан орындамаса не тиісінше орындамаса жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

4.3. Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап дереу, бірақ 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей келесі Тарапқа Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны туралы хабарлайды.

5. Басқа да талаптар

5.1. Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.

5.2. Шарт _____ қолданылады.

5.3. Шарт мерзімінен бұрын тоқталыған кезде Сақтандырушы істі жүргізуге сақтандыру сыйлықақысы сомасының _____ %-ін өндіріп алады.

5.4. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

5.5. Шарт заң күші бірдей _____ дана етіп жасалды: _____ данасы орыс тілінде және _____ мемлекеттік тілде.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шаралар қолдануға міндетті.

6.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сотта қаралады.

7. Тараптардың деректемелері және қолдары

Ескерту. 7-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Сақтандыру

Сақтанушы

(сақтандыру ұйымының, филиалдың
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, атауы,
мекен-жайы, телефоны, банктік
деректемелері (банктің атауы,
ағымдағы шот N және т.б.)
және т.б.)

(аты-жөні, мекен-жайы,
телефоны, және т.б.)
РНН _____
банктік деректемелері

(банктің атауы, шот N

(ұйым өкілінің қолы)

(Сақтанушының қолы)

Мөрдiң орны

Зейнетақы аннуитеті шарттары
негізінде жинақталған
зейнетақы қаражаты есебінен
Қазақстан Республикасы
сақтандыру ұйымдарының
зейнетақымен қамсыздандыру

ережесіне 2-қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005
жылғы 29 қаңтардағы N 15 қаулысымен.

**Зейнетақы аннуитеттері бойынша төлемдерді
есептеуге арналған өлім көрсеткіштері**

Жасы	Еркектер	Әйелдер
25	0,0024481809	0,0006274238
26	0,0025943697	0,0006676971
27	0,0027233502	0,0007056074
28	0,0028425047	0,0007412992
29	0,0029577995	0,0007767228
30	0,0030798642	0,0008119244
31	0,0032114459	0,0008505828
32	0,0033612022	0,0008924813
33	0,0035291163	0,0009385639
34	0,0037197668	0,0009906002
35	0,0039348729	0,0010483273
36	0,0041784741	0,0011163161
37	0,0044493232	0,0011944894
38	0,0047483920	0,0012837138
39	0,0050708321	0,0013820340
40	0,0054208771	0,0014874267
41	0,0057993651	0,0016000204
42	0,0062130588	0,0017212900
43	0,0066625747	0,0018544187
44	0,0071474184	0,0020023703
45	0,0076680100	0,0021676861
46	0,0082244930	0,0023516809
47	0,0088216652	0,0025538640
48	0,0094584171	0,0027714017
49	0,0101280734	0,0030039882
50	0,0108212272	0,0032509632
51	0,0115228363	0,0035141552
52	0,0122233730	0,0037896536

53	0,0129133803	0,0040738105
54	0,0135955053	0,0043618174
55	0,0142859526	0,0046536866
56	0,0150084234	0,0049548709
57	0,0157948684	0,0052740418
58	0,0166676936	0,0056276768
59	0,0176400368	0,0060313270
60	0,0187181346	0,0065036410
61	0,0199037048	0,0070585173
62	0,0212196935	0,0077140411
63	0,0226839310	0,0084825984
64	0,0243147043	0,0093742669
65	0,0261183219	0,0103971349
66	0,0280940488	0,0115659366
67	0,0302425933	0,0129055099
68	0,0325700636	0,0144510322
69	0,0350858599	0,0162382933
70	0,0378016624	0,0182951136
71	0,0407143335	0,0206292088
72	0,0438107362	0,0232341066
73	0,0470696180	0,0260982484
74	0,0504811467	0,0292280131
75	0,0540616273	0,0326530238
76	0,0578665497	0,0364307871
77	0,0619843680	0,0406359180
78	0,0664916973	0,0453425305
79	0,0714740982	0,0506171641
80	0,0769774599	0,0565051459
81	0,0830319346	0,0630317637
82	0,0896147271	0,0702018558
83	0,0966845108	0,0779949274
84	0,1042579696	0,0864008004
85	0,1122879396	0,0954219949
86	0,1207280202	0,1050267964
87	0,1295129290	0,1151705866
88	0,1385844507	0,1258039246
89	0,1481204333	0,1369032122
90	0,1582202894	0,1485338001
91	0,1691737115	0,1610224830
92	0,1809266576	0,1738000217
93	0,1934419461	0,1871487399
94	0,2065024009	0,2007375293

95	0,2203274393	0,2150498902
96	0,2350011690	0,2300562069
97	0,2507578103	0,2455860090
98	0,2673864944	0,2613597427
99	0,2847965003	0,2771617489
100	0,3046228561	0,2955023955
101	0,3275264532	0,3170455227
102	0,3549860330	0,3437003847
103	0,3868036658	0,3745180950
104	0,4235753219	0,4101464523
105	0,4660173959	0,4516534218
106	0,5147843396	0,5000418052
107	0,5634808009	0,5490524338
108	0,6239580347	0,6110982356
109	0,7883509815	0,7810056771
110	1,0000000000	1,0000000000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК